

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы



**«Өнере» туристік-экскурсиялық
соқпағының (маршрутының)
паспорты**



1. ЕҚТА атауы	<i>Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы</i>
2. Маршруттың атауы	Өнере
3. Маршруттың жіктемесі	
а/бағыты бойынша:	<i>туристік-экскурсиялық</i>
ә/орналасу түрі бойынша:	<i>аралас</i>
б/қолданыс уақыты бойынша:	<i>маусымдық</i>
в/ұйымдастыру нысаны бойынша:	<i>топтық</i>
4. Өнере аймағы, Өнере бұлағы,	
5. Ұзақтығы 187 шақырым, аялдаманы ескере отырып, уақыт ұзақтығы 7.30 сағат	
6. Маршруттың жұмыс істеу мерзімі:	<i>наурыз-қазан</i>
7. Топтағы адамдардың ең көп саны:	<i>20 адам</i>
Шектеу немен байланысты:	<i>жолдың алыстығы, табиғаттың қатаңдығы арнайы көліктің жетіспеушілігі</i>
Экскурсия топтарының айына жүктемесі:	<i>50 адам</i>
8. Ішкі экскурсиялық маусымдық рекреациялық жүктемелер:	<i>400 адам</i>
9. Қажетті киімдер мен құрал-жабдықтар:	<i>ыдыс-аяқтар, арнайы ыңғайлы киімдер, арқандар, шатырлар, медициналық қобдишалар</i>

10. Соқпақтағы тәртіптің ерекше ережелері

Қорық аумағына шыққанда төмендегі ережелер сақталуы керек:

- *қорық аумағында тәртіп және тазалықты сақтау;*
- *арнайы белгіленген соқпақтар мен маршруттар бойынша жүру;*
- *жүріп келе жатқанда темекі шекпеу және қоқыстарды өртемеу;*
- *спирттік ішімдіктерді алып жүрмеу;*
- *шөптерді, гүлдерді, саңырауқұлақтарды жұлмау;*
- *аңдар мен жәндіктерді ауламау, індер мен ұяларды бұзбау;*
- *жарылғыш заттар мен қару-жарақтар алып жүрмеу;*
- *ит, мысық сияқты үй жануарларын өздерімен бірге ертпеу;*
- *жартастарға қолтаңбалар қалдырмау;*
- *радиоаппараттар мен магнитофондарды қоспау;*
- *спорттық және ойын-сауық шараларын өткізбеу;*

11. Қауіпсіздік шаралары:

- *өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау;*
- *жол үстінде темекі тартпау;*
- *тік жартастар мен шыңдарға жақындамау;*
- *адам өміріне қауіп төндіретін (ұлы) жәндіктерден сақтану;*

12. Соқпақта (маршрутта) жүру жоспары

<i>P/c</i>	<i>Соқпақтың (маршруттың) учаскесі</i>		<i>Ұзақтығы, шақырым</i>	<i>Қозғалыс ұзақтығы</i>	<i>Аялдау уақыты</i>	<i>Қарап-көру алаңының, суретке түсіру пункттерінің нөмірі</i>
1.	Жаңаөзен	Аққұдық	120 шақырым	4 сағат	30 минут	-----
2.	Аққұдық	Өнере	55 шақырым	2 сағат	7 минут	-----
3.	Өнере бұлағы	№1 бақылау алаңы	4 шақырым (жаяу)	1,5 сағат	30 минут	№1
4.	Өнере бұлағы	№2 бақылау алаңы	8 шақырым (жаяу)	5 сағат	1 минут	№2
Барлығы:			187 шақырым	12,5 сағат	7 сағ 30 минут	

13. Соқпақтың (маршруттың) схемасы:

- Жаңаөзен-Аққұдық – 120 шақырым (автокөлікпен жүріледі)
- Аққұдық-Өнере бұлағы – 55 шақырым (автокөлікпен жүріледі)
- Өнере бұлағы – №1 бақылау алаңы – 4 шақырым (жаяу жүріледі)
- Өнере бұлағы – №2 бақылау алаңы – 8 шақырым (жаяу жүріледі)

14. Соқпақтың (маршруттың) қысқаша сипаттамасы (сипаты):

- Жаңаөзен қаласынан шығысқа қарай 25 шақырым жерде “Жылқышы төбе”, 75-шақырымда Көкімбай қорымы, 115-шақырымда “Нұрбибі әулие” қорымы кездеседі.
- Аққұдық ауылынан оңтүстікке қарай Ұялы құм жиегімен 40 шақырымдай жүргенде Сақсорқа құдығы, 55-шақырымда Өнере бұлағы бар.

15. Соқпақтың (маршрут) бойынша және қарау (шолу) алаңдарынан объектілердің қысқаша сипаттамасы

- Өнере бұлағынан солтүстікке қарай 4 шақырым жерде №1 бақылау алаңы орналасқан. Алаңның аумағы – 20х15 метр. Алаңның шығыс бетінде Кендірлі соры, Үштөбе, бұлақты жағалай өскен қамыс пен жыңғыл көрінеді.
- Өнере бұлағынан солтүстік-шығысқа қарай 8 шақырым жерде 20х15 аумақты №2 бақылау алаңы орналасқан. Сор жиегіндегі құлама жарлар, табиғи тау кеуектері, төменнен сордағы тұзды көл көрінеді.

16. Соқпақтың (маршрут) күрделі учаскелерінің қысқаша сипаттамасы

- №1 бақылау алаңында күрделі учаскелер жоқ
- №2 бақылау алаңында құлама жарлар, топырағы кебіртек, тайғақ жолдар кездеседі.

17. Апаттық құбылыстар байқалған кездегі топтың іс-қимылы

- Қатты жел тұрып, нөсер жаңбыр жауған кезде даурығып, шу көтермеу керек. Осындай сәттерде суреттер мен бейнетаспаға түсіру жұмыстарын тоқтата тұрған жөн немесе қауіпсіздік шараларын сақтау қажет.

18. Жолдамаға тіркелген ақпараттық парақшаның мәтіні үшін ұсынымдар

19. Соқпақты (маршрутты) абаттандыру

Маркалау: жердің атауы – Өнере бұлағы, бағыты көрсетілген белгілер, тұрақтар, паналау орындары, соқпақты (маршрутты) абаттандыру.

20. Мемлекеттік табиғи қорықтың ғылыми-техникалық кеңесінің шешімі:

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының №5 Ғылыми техникалық кеңесінің (18.07.2007 ж.) қаулысы.

1. Үстірт мемлекеттік табиғи қорының “Көкесем” және “Өнере” туристік экскурсиялық соқпақтарының паспорттарының жобасы мақұлдандын.

2. Аталған соқпақтардың паспорты орман және аңшылық шаруашылығы комитетіне бекітуге жіберілсін.

Соқпақты әзірлеуге және рәсімдеуге жауапты адам

Туризм және экологиялық ағарту бөлімінің бастығы:

Қ. Жарылғасова

21. Паспорт 2007 жылы 2 дана жасалды.

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының директоры

Ш.Ө.Үркімбаев